

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1743

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы Сот шешімін орындау үшін және "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Z990473_ Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 P991408_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заттай мүліктер бергені үшін қарызды өндіріп алу туралы Астана қаласы Алматы аудандық сотының 2000 жылғы 11 қыркүйектегі шешімін орындау үшін, соттар шешімдері бойынша Үкіметтің және орталық атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге 2000 жылға арналған республикалық

бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына 1224000 (бір миллион екі жүз жиырма төрт мың) теңге бөлсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.